«Ветеринариялық пропедевтика» атты оқу құралы жануар организмінің морфофункционалдық үдерістеріне әсер ететін ішкі және сыртқы орта факторлары тарапынан байқалатын клиникалық симптомдарын бағалауды теориялық, тәжірибелік және зертханалық дәйектемелері негізінде білім алушыларға түсіндіріп клиникалық балауды оқытады. Осыған орай оқу құралында клиникалық және зертханалық тексерулерге қатысты әдістемелер мен кескіндік-бейнелік суреттерге ветеринариялық практикада танымал және қалыптасқан таңдаулы түрлері алынды.
Оқу құралы мемлекеттік тілде бірегей оқу құралы ретінде толықтырылып екінші рет шығарылуы, арнаулы орта және арнайы жоғары білім беру оқу орындары мен ветеринар дәрігерлерге пайдалануға болады.



Кенжебаев Т.Е., Есенбаев А.А., Кулатаев Б.Т., Малмаков Н.И., Ахатова З.А. Қой өсіру мен сала өнімдерін өндірудің селекция-генетикалық және технологиялық негіздері: монография / Т.Е. Кенжебаев, А.А. Есенбаев, Б.Т. Кулатаев, Н.И. Малмаков, З.А. Ахатова. – Алматы: «Alash Book», 2025. – 195 б.
ISBN 978-601-383-315-6

Қой түлігін өсіру, осы сала өнімдерін өндіру және селекция-технологиялық жұмыстарды жүргізудің өзекті мәселелерін қамтитын монография. Бес тараудан тұратын еңбек қой шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде кеңінен түсінік береді. Қазіргі таңдағы қой шаруашылығының маңызы, оны өркендету жолдары, негізгі қой тұқымдарының зоотехниялық сипаттамасы мен осы түліктің тектік қорын сақтау мен жетілдіруге бағытталған селекция-технологиялық әдістер туралы бағалы мәліметтер берілген.
Кітап қой шаруашылығымен айналысатын мамандар мен кәсіпкерлерге, арнайы кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқытушылары, білім алушылары мен осы саланың бүгінгі даму деңгейі мен болашағы толғандыратын оқырманға арналған.
Монография ИРН BR21882201 «Селекция, генетика және биотехнология жаңа әдістерімен құйрықты қойлардың ет өнімділігін жақсарту» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында дайындалды.



Малмаков Н.И., Искаков К.А., Кулатаев Б.Т., Есжанова Э.Б. Қой түлігін жедел көбейтудің биотехнологиялық әдістерін жетілдіру: монография / Малмаков Н.И., Искаков К.А., Кулатаев Б.Т., Есжанова Э.Б. – Алматы, «Alash Book», 2025. – 170 б.
ISBN 978-601-383-316-3


Монографияда теориялық, эксперименттік материалдар мен өзіндік әзірлемелер, қойларды көбейтудің биотехнологиялық әдістерін жетілдіру, олардың тиімділігін арттыру және қой өсіру практикасында қолдану бойынша зерттеулер жинақталған.
Монография қой шаруашылығы мамандарының, ғылыми қызметкерлердің, фермерлік (шаруа) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларының кең ауқымына арналған.
Монография ИРН BR21882201 «Селекция, генетика және биотехнология жаңа әдістерімен құйрықты қойлардың ет өнімділігін жақсарту» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында дайындалды.



Беркінбай О.Б., Омаров Б.Б., Джусупбекова Н.М., Сүлейменов М.Ж., Баймұханбетов Е.Б. Балқаш-Алакөл бассейнінің жануарлар әлемі. 2 том. Паразиттік қарапайымдылар мен құрттар. – Алматы, «Alash Book», 2025. – 110 б. ISBN 978-601-383-245-6

Кітапта Қазақстанның Балқаш-Алакөл бассейнінің аридті аумақтарында мекендейтін балықтар мен жабайы сүтқоректілер паразиттерінің түрлік құрамы туралы жалпыланған деректер бар. Паразиттердің 10 типіне, 15 класына, 26 отрядына, 45 тұқымдасына, 64 туысына жататын 122 түрі туралы мәліметтер келтірілген. Паразиттің әр түрі үшін иелері, иеде орналасқан орындары, табылған жерлері көрсетілген. Кітап паразитологтарға, зоологтарға, ихтиологтарға, кең ауқымды биологтарға, бакалаврларға, магистранттар мен докоранттарға арналған.

Кітап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR 21882199-ОТ-24 "Балқаш-Алакөл бассейнінің аридті аумақтарының жабайы жануарлар Кадастры, қауіптерді бағалай отырып оларды сақтау және орнықты пайдалану" бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы шеңберінде жарық көрді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Зоология институтының Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2025 жылғы 00 қыркүйектегі № 00 хаттама.



Есенгалиев К.Г., Насамбаев Е.Г.
Ірі қара мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің инновациялық технологиялары: оқу құралы. К.Г. Есенгалиев, Е.Г. Насамбаев. – Алматы: «Alash Book», 2026. – 366 б.
ISBN 978-601-383-396-5


Оқу құралында сүтті және етті бағытындағы ірі қара малды өсіру мен азықтандырудың негізгі принциптері ашып көрсетілген. Мал шаруашылығы өнімдерін – сүт пен сиыр етін өндірудің инновациялық технологиясын сипаттауға кешенді және талдамалы тәсіл жасалған, отандық және шет елдік озық технологияларды қолдану арқылы сүт және ет өнімділігін арттыру әдістері жазылған.

Оқу құралы 6B09105-«Ветеринария зооинженерия негіздерімен», 6B08020, 7M08020, 8D08020 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» («Ауыл шаруашылығы ғылымдары» мамандықтар тобы) бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтарының, 7M07010 – «Биотехнология» («Техникалық ғылымдар» мамандықтар тобы) магистратура мамандығының типтік оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленген, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер мен агроөнеркәсіптік кешен мамандарына арналған.




Рсымбетов Қ.С., Бейсебай П.Б. ВЕБ ПРОГРАММАЛАУ НЕГІЗДЕРІ: Оқулық. Рсымбетов Қ.С., Бейсебай П.Б. – Алматы «Alash Book», 2025 –248 б.
ISBN 978-601-383-0704

Оқулық практикалық тәжірибесі бар веб–программалаушы мамандықтарын даярлауға бағытталған және атақты YouTube, Instagram, Yandex және басқа да программаларды құруды үйретеді.
Аталған жұмыста берілген теориялық мағлұматтар, әрбір мысалдардың толық сарапталған мысалдары оқырмандардың «Веб программалау негіздері» пәнінен білім сапасын, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттілігін арттыруға арналған.
I – бөлім HTML, CSS және BOOTSRAP тарауларынан, ал оның жалғасы болатын II – бөлімі Javascripts, PHP, Python, Django және SQLite бөлімдерін қамтиды.
Оқулық авторлары информатика технологиясы және программалау саласында 30 жылдан астам уақыт еңбектеніп, темір жол саласында электрондық билет сату, жүк тасымалын автоматтандыру сияқты жобаларды енгізген мамандар.



Садық Б., Тореханов А.А., Оразбаев С.А., Кушенов К.И. Қазақстан жайылымдарын көміртектендіру: оқу құралы. Б. Садық, А.А. Тореханов, С.А. Оразбаев, К.И. Кушенов. – Алматы: «Alash Book», 2025. – 288 б.
ISBN 978-601-7920-81-4

Оқу-тәжірибелік құрал Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институтының көп жылдық ғылыми-зерттеу жұмыстарының және өндірістік тәжірибелерінің нәтижелері негізінде құрастырылған. Онда еліміздің жайылым ресурстарының әлеуеті мен қазіргі жағдайы, қабылданған заңнамаларға және халықаралық тәжірибеге сәйкес жайылымдарды орнықты басқару мен пайдаланудың құқықтық және ғылыми-практикалық негіздері баяндалған.
Басылым Қазақстанның жемшөп өндірісі және жайылым шаруашылығын дамытуды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуге аса құнды үлес қосқан ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Жамбакин Жапар Айтмағамбетұлын, мемлекет қайраткері Бейсебаев Мәсімхан Бейсебайұлын, ҚР ҰҒА академиктері Асанов Қасым Әбуұлын, Абдраимов Сейфулла Әбдірайымұлын және профессор Алимаев Илья Ильичті еске сақтауға арналады. Басылымдағы ұсыныстар жоғарғы оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, табиғи байлықтарымызды орнықты пайдалану мәселелерін зерделеумен айналысатын ғалымдар мен зерттеушілерге, мал шаруашылығын қарқынды дамыту, жайылымдық экожүйесінің экологиялық тұтастығын сақтау және ұтымды пайдалану мәселелері бойынша шешім қабылдайтын мемлекеттік органдардың, агроқұрылымдардың басшылары мен мамандарына көп жәрдем етеді деп сенеміз.



Ш.А.Шумақова, А.Е.Жусупова, И.Ж.Кенжегалиева .Балалар әндерін домбыра аспабымен сүйемелдеу. Ш.А.Шумақова, А.Е.Жусупова, И.Ж.Кенжегалиева. – Алматы, «Alash Book», 2025. – 86 бет.
ISBN 978-601-383-176-3

Қазақ халқының рухани байлығының қайнар көзі – домбыра. Ол ұрпақ санасына саз арқылы салты-дәстүр мен елдік рухты сіңіретін қасиетті аспап. Қолдарыңыздағы «Балалар әндерін домбыра аспабымен сүйемелдеу» атты әдістемелік оқу құралы – осы ұлттық мұраны бүгінгі жас ұрпаққа игертіп, өнер мен тәрбиені қатар ұштастыруға бағытталған тәжірибелік еңбектің нәтижесі.

Бұл оқу құралы кәсіби музыкалық білім беретін оқу орындарындағы болашақ мамандарға, музыка пәні мұғалімдеріне, қосымша білім беру педагогтеріне, жалпы ұлттық аспаппен жұмыс жасайтын әдіскерлерге арналды. Құралда балалар репертуарын іріктеу, әндерді домбырамен сүйемелдеу әдістерімен толықтырылған.

Ұлттық аспапты қолдана отырып, балалар әндерін сүйемелдеу – тек шеберлік емес, бұл – жүрекпен сезініп, ұрпаққа ұлттық өнердің нәрін беру жолы.

Бұл еңбектің әр беті – білім берудегі тәжірибені, музыка арқылы баланың тұлғалық дамуын қолдайтын ізденісті көрсетеді.

Бұл әдістемелік оқу құралы «Халықтық көркем шығармашылығы», «Музыкалық білім беру» мамандықтар бойынша дәріс беріп жатқан пән оқытушылары мен орта кәсіби оқу орындарының білім алушыларына арналған.




Султанова С.К. «Қазақ ұлттық музыка өнері арқылы студенттерді шығармашылыққа баулу». Оқу-әдістемелік құрал / С.К. Султанова – Алматы, «Alash Book», 2024. – 70 бет.
ISBN 978-601-383-022-3

«Қазақ ұлттық музыка өнері арқылы студенттерді шығармашылыққа баулу» атты оқу – әдістемелік құралы ҚР – сы білім беру мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттарына сай жасалып техникалық және білім беретін ұйымдардың қабілетті студенттеріне арналған. Сонымен қатар ұсынылып отырған оқу – әдістемелік құралы жалпы колледж, мектеп мұғалімдерімен қосымша пән оқытушыларына сабақ беру үрдісінде бағыт – бағдар көрсетіп қолдануға ыңғайлы құрал. Өскелең ұрпақ тәрбиесінде қазақтың ұлттық музыка өнерінің алатын орны зор. Өскелең ұрпақтың ұлттық музыка өнерімен айналысуы, жеке тұлғаның эстетикалық талғамын және эмоционалдық мүмкіндігін көтереді. Бүгінгі таңда ұлттық музыка өнерінің түрлерін (ән, күй, терме, жыр, айтыс, толғау, т.б.) олардың әрқайсысының жалпы ерекшеліктерін жаңаша технологияға салу – бүгінгі күн талабы. Осы қойылған талаптарға сәйкес ретінде қазақтың ұлттың музыкасын жүйелі түрде дамыту барысында ұлттық код, ұлттық сана иірімдерін айқындай түсу және оны тереңірек меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр.



Кошж Арипбаева Л.Ш., Байгунова Д.М. Қазақ музыка әдебиетін зерттеушілердің еңбектері және оның педагогикалық, тәрбиелік мәні: Оқу құралы / Л.Ш. Арипбаева, Д.М. Байгунова – Алматы, «Alash Book», 2024 – 124 б.
ISBN 978-601-09-7755-6

Ұсынылып отырған оқу құралында қазақ музыка шығармашылығын қызыға зерттеген зерттеуші ғалымдардың еңбектері туралы қысқаша мәліметтер берілген.
Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттері мен музыка зерттеушілеріне арналған



Шайрахметова Ә.Ғ. Хор және хорды басқару: оқу құралы / Шайрахметова Ә.Ғ. – Алматы, «Alash Book», 2026. 112 бет.
ISBN 978-601-383-287-6

Оқулықта хор өнерінің орындаушылық мәдениеті мен хорды басқару жолдары берілген. Дирижерлық техниканың түрлері мен әдіс-тәсілдері көрсетілген. Музыкалық білімі жоқ студенттермен жұмыс жасау жолдары әртүрлі жаттығулар мен тәжірибелік іс әрекеттер баяндалады.
Ұсынып отырған оқу құралы педагогикалық колледждердің музыкалық білім беру мамандығының оқытушылары мен студенттеріне арналған.



Макашева М.С., Базарова А.У. Фортепианоға арналған хрестоматия (педагогикалық репертуар): Оқу құралы / М.С. Макашева, А.У. Базарова – Алматы, Alash Book, 2024 – 122 б.
ISBN 978-601-09-4993-5

Фортепианоға арналған хрестоматия (педагогикалық репертуар) атты оқу құралында ноталық сауаттылық негіздері, аспапта ойнаудың алғашқы дағдылары, өз алдына жұмыс жасау әдістері жайында мәліметтер берілген. Ұсынылып отырған туындылардың сипаттамалары, баяндау стильдері, музыкалық және техникалық тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулықтар берілген. Музыкалық материал қиындығына қарап бағытталған тәртіппен орналасқан. Жинақта әр бөлімге арналған әдістемелік ұсыныстар бар, сондай-ақ ноталық сауаттылықты меңгеруге қатысты түсініктемелер берілген. Хрестоматия құрылымы келесі бөлімдерден тұрады: пьесалар, этюдтер, полифониялық туындылар, ірі нысандыға туындылар, фортепианолық ансамбльдер. Әр бөлім орындаушылық бағыттағы әдістемелік ұсыныстармен, музыкалық нотаны игеруге қатысты түсіндірмелермен нақтыланған.
Оқу құралы «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша дәріс беріп жатқан фортепиано пәні оқытушыларына, жоғары және орта кәсіби оқу орындарының 6В01407 – «Музыкалық білім» мамандығында оқитын білім алушыларына арналған.



Мынбаева У.А. «Сольфеджио» пәнінен оқу-әдістемелік құрал / У.А.Мынбаева, Т.Т.Жаймуханова. – Алматы: «Alash Book», 2024. – 113 б.
ISBN 978-601-08-4363-9

Ұсынылған қазақ тіліндегі «Сольфеджио» пәнінің оқу - әдістемелік құралында ырғақтық сезім, музыкалық есту қабілет, вокалды-интонациялық дағдыларды дамыту білім алушылардың ұғымына лайықталған.




Шумақова Ш.А., Картанова А.Ә. «Домбыраға арналған педагогикалық репертуарлар»: әдістемелік оқу құралы. Шумақова Ш.А., Картанова А.Ә. – Алматы: «Alash Book», 2025. – 51 бет. ISBN 978-601-383-175-6

Қазақ халқының ұлттық рухын, болмыс-бітімін, ішкі жан дүниесін тереңінен танытатын киелі өнердің бірі – күй мен ән өнері. Осы өнердің алтын арқауы – домбыра.

Домбыра – сан ғасырлық тарих пен шежірені бойына сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан баға жетпес мұра. Ол тек аспап емес, ол – ел рухының, жүрек үнінің, халықтық болмыстың көрінісі. Қолдарыңызға ұсынылып отырған «Домбыраға арналған педагогикалық репертуарлар» атты оқу-әдістемелік құрал – осы ұлы өнерді жаңаша әдістемелік тұрғыдан оқытуға арналған мазмұнды еңбек. Бұл құрал қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай құрылған, педагогикалық процесте домбыра үйретудің тиімді жолдарын, репертуар таңдаудың әдістемесін, техникалық және көркемдік машықтарды меңгертудің амалдарын қамтиды.Ұсынылып отырған әдістемелік құрал – тек білім мен тәжірибенің нәтижесі ғана емес, ол – автордың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігінің, шәкірт тәрбиелеудегі жауапкершілігінің көрінісі.

Оқу құралы болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге, орындаушылық мәдениетін арттыруға, ұлттық репертуар негізінде жұмыс істеуге бағытталған. Ән-күйді домбырамен сүйемелдеу тәсілдері мен жаттығу үлгілері арқылы оқушылар мен студенттердің музыкалық-эстетикалық дүниетанымы қалыптасады, шығармашылық қабілеті дамиды.



Оспанова А.К., Абикенева Г.М. Геохимия және геоэкологиялық картографиялау. «05220200 табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану (салалар бойынша)» мамандығы: Оқу құралы / А.К. Оспанова, Г.М. Абикенева – Алматы, «Alash Book», 2025. – 160 бет.
ISBN 978-601-383-201-2

Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне арналған «Геохимия және геоэкологиялық картографиялау» пәні бойынша құрастырылған. Оқу материалы 05220200 – Табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану (салалар бойынша) мамандығының 3W05220201 – Химиялық-бактериологиялық талдау зертханашысы, 4S05220202 – Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі техник біліктіліктеріне арналған КМ 02 және КМ 05 модуліне сәйкес әзірленген. Оқу құралында геохимияның теориялық негіздері, экогеохимиялық процестер, геоэкологиялық картографиялау әдістері мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдану жолдары қамтылған. Студенттер химиялық элементтердің таралу заңдылықтарын, геохимиялық аномалияларды анықтау тәсілдерін, картографиялық әдістермен геодеректерді графикалық түрде көрсету дағдыларын меңгереді. Құрал құрылымы үш негізгі бөлімнен тұрады: геохимия, экогеохимия және геоэкологиялық картографиялау. Оқу құралы оқу үдерісінде, өндірістік тәжірибеде, далалық және зертханалық зерттеулерде қолдануға ыңғайлы.

Оқу құралы студенттерге, жас мамандарға, оқытушыларға әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.




Кукузова Г.К. Инфографиканы қолдану арқылы Қазақстан тарихы пәнін оқытудың тиімді жолдары: авторлық бағдарлама. «Alash Book», 2025 – 104 б.
ISBN 978-601-383-153-4

Инфографиканы қолдану Қазақстандағы білім беруді цифрландыру және білім сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік жобалармен тығыз байланысты, бұл әдіс білім алушылардың ақпаратты тиімді қабылдауына көмектеседі, сондықтан өзекті. Аталған тақырып отандық білім беру жүйесінде пәндерді көрнекі түрде оқыту арқылы білім алушылардың ойлау, талдау және есте сақтау қабілеттерін дамытуға маңызы зор. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында инфографика білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және өз бетінше білім алуға деген қызығушылығын оятуға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Бағдарлама тақырыптары білім алушының ойын дамытады, ізденушілік, зерттеушілік әрекетіне жол ашады, кәсіпшілік қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасайды, біліктілігін жүзеге асыруда қиындықты шешуге мүмкіндік береді.


Тақырып бойынша атқарылатын істің нақты жағдайын жақсы жаққа өзгертуге мүмкіндік береді. Колледж бағдарламасының тәжірибесінде енгізу үшін ұсынылады. Ұлттық руханият контексінде білім алушылардың болашақта ұлттық педагогиканы, ұлттық тәрбиені, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасты, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, жауапкершілік міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.



Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткерлері. Оқу құралы. / А. Куралов, Р. Сакова, Р. Куралов – Алматы: Alash Book, 2024 – 232 бет. ISBN 978-601-09-7774-7


Оқу құралы «Тұлғатану» арнайы пәнінің бағдарламасы негізінде жасалды. Бұл бағдарламаға енгізілген 2700-ге жуық тұлға елімізге еңбегін сіңірген, әлемге танытқан және оның мақтанышына айналғандар. Бағдарлама «Қазақ ғалымдары», «Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткерлері», «Қазақ тарихындағы тұлғалар», «Қазақтың ақын-жазушылары», «Қазақтың өнер қайраткерлері», «Қазақ спортшылары» деген алты салаға жіктелген.

«Қазақ мемлекет және қоғам қайраткерлері» саласы бағытына қарай 6 топқа бөлінді. 1. Кеңес кезінде республика және үкімет басшылары. 2. Кеңестік кезеңдегі мемлекет қайраткерлері. 3. Егемен еліміз мемлекет қайраткерлері. 4. Қоғам қайраткерлері. 5. Алаш қозғалысының қайраткерлері. 6. Қазақ генералдары мен әскери қайраткерлері. Топтамаға негізінен өз халқы үшін жанқиярлықпен аянбай еңбек етіп, ел тарихында елеулі орны бар танымал тұлғалардың өмірі мен қызметі жайлы мәліметтер берілді. Бұл оқу құралына әр бағыт бойынша А3 форматында көрнекі плакат беріліп отыр. Оларды мектеп кабинеттерін безендіруде көрнекілік ретінде пайдалануға болады. Әр плакатта ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалар хронологиялық тәртіппен берілді. Оқу құралы мектеп мұғалімдеріне, жоғары оқу орындары оқытушыларына және магистранттарға арналған.




Куралов А. Тұлғатану. Бастауыш сыныптарға арналған оқыту әдістемесі / А. Куралов, Р. Сакова, Р. Куралов – Алматы: «Alash Book», 2024. – 272 бет.
ISBN 978-601-09-7756-3

Әдістемелік құрал профессор А. Құраловтың «Білім беру жүйесінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру» бағдарламасына сәйкес бастауыш сыныптарда «Тұлғатану» арнайы пәнін оқыту үшін әдістемелік нұсқаулар келтірілген.
1-сыныпқа арналған оқыту әдістемені жазғандар Куралов А., Таджибаева А., Ташқараева А., Баймаханова А.
2-сыныпқа арналған оқыту әдістемені жазғандар Куралов А., Таджибаева А., Мусабаева Р., Досмырзаева Р
3-сыныпқа арналған оқыту әдістемені жазғандар Куралов А., Таджибаева А., Жорабекова Н., Орынбаева З.
4-сыныпқа арналған оқыту әдістемені жазғандар Куралов А., Таджибаева А., Ташқараева А., Баймаханова А.
Әдістемелік құрал бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған



Гуманитарлық ғылым саласы ғалымдары: Оқу құралы / А. Куратов, Р. Сакова, Р. Куралов – Алматы: Alash Book, 2024. – 235 б.
ISBN 978-601-09-7771-6

Оқу құралы «Тұлғатану» арнайы пәнінің бағдарламасы негізінде жасалды. Бұл бағдарламаға енгізілген 2700-ге жуық тұлға халқымызға еңбегі сіңген және оның мақтанышына айналған тұлғалар. Бағдарлама «Қазақ ғалымдары», «Қазақтың мемлекет және қоғам қайраткерлері», «Қазақтың тарихи тұлғалары», «Қазақтың ақын-жазушылары», «Қазақтың өнер қайраткерлері», «Қазақ спортшылары» деген алты салаға жіктелген.
«Қазақ ғалымдары» (23 топтамадан тұратын) саласы ғылым бағытына қарай төрт топқа (жаратылыстану және математика, қолданбалы, қоғамдық, гуманитарлық) бөлінді. Гуманитарлық сала ғалымдары 6 бағыттан тұрады: 1. Қазақтың археология, антропология, антропонимия ғалымдары. 2. Қазақтың өнертанушы және әдебиет зерттеуші ғалымдары. 3. Қазақтың педагог ғалымдары. 4. Қазақтың психолог ғалымдары. 5. Қазақтың филолог ғалымдары. 6. Қазақтың заңгер ғалымдары.
Бұл оқу құралына қосымша әр бағыт бойынша А3 форматында көрнекі плакат беріліп отыр. Оларды сабақ өткенде және мектеп кабинеттерін безендіруде көрнекілік ретінде пайдалануға болады. Әр плакатта ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалар хронологиялық тәртіппен берілді.
Оқу құралы мектеп ұстаздарына, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және магистранттарға арналады.



Куралов А.Қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдары. Оқу құралы / А. Куралов, Р.Сакова, Р.Куралов – Алматы: Alash Book, 2024 – 227 бет ISBN 978-601-09-7775-4

Оқу құралы «Тұлғатану» арнайы пәнінің бағдарламасы негізінде жасалды. Бұл бағдарламаға енгізілген 2700-ге жуық тұлға елімізге еңбегін сіңірген, әлемге танытқан және оның мақтанышына айналғандар. Бағдарлама «Қазақ ғалымдары», «Мемлекет және қоғам қайраткерлері», «Тарихи тұлғалар», «Ақын-жазушылар», «Өнер қайраткерлері», «Қазақ спортшылары» деген алты салаға жіктелген. «Қазақ ғалымдары»(23 топтамадан тұратын) саласы ғылым бағытына қарай төрт топқа (жаратылыстану және математика, қолданбалы, қоғамдық, гуманитарлық) бөлінді. Қоғамдық ғылымдар саласы тобына 5 бағыт енгізілген 1.Қазақтың тарихшы ғалымдары. 2.Қазақтың этнолог ғалымдары. 3.Қазақтың философ ғалымдары. 4. Қазақтың әлеуметтанушы ғалымдары. 5. Қазақтың саясаттанушы ғалымдары. Топтамаға негізінен Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясы академиктері мен мүше-корреспонденттері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ шетелдерде танымал ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы мәліметтер берілді. Бұл оқу құралына әр бағыт бойынша А3 форматында көрнекі плакат беріліп отыр. Оларды мектеп кабинеттерін безендіруде көрнекілік ретінде пайдалануға болады. Әр плакатта ғылымның дамуына үлес қосқан тұлғалар хронологиялық тәртіппен берілді.




Байташева Г.У., Медеуова Г.Д., Мусина А.С. Экология және тұрақты даму: оқулық. – Алматы, «Alash Book», 2026. – 310 бет.

«Экология және тұрақты даму» оқулығы қазіргі экологиялық мәселелермен оларды шешу жолдарын тұрақты даму контекстінде қарастырады. Экология ғылымының негізі мен қоршаған ортаға антропогендік әсері, сондай-ақ, халықаралық және ұлттық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен табиғатты қорғау мәселелері қарастырылған. Оқулық экологиялық жағдайлардағы қоршаған орта процестері мен Тұрақты даму мақсаттарын және оларды практикалық түрде зерттеп қолдану әдістерін зерттейтін қазіргі биологияның бөлімі болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау мен Тұрақты даму мақсаттарын экожүйелік және биосфералық деңгейлерінде зерттейді. Еліміздің жаңа білім беру кеңістігіне еніп отырған, білім алушылардан өз бетінше көп іздену керектігі талап етіліп отырған жағдайда ақпараттық материалдардың, соның ішінде түсінікті тілмен жазылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің жеткілікті дәрежеде болуы шарт. Оқулық – 6В05101-Биология, 6В01516-Биология IP білім беру бағдарламаларының жоспарына сәйкес келеді. Жоғары оқу орындарының кредиттік технология бойынша оқитын студенттеріне, биолог, эколог ұстаздар мен әдістемешілерге, экология мамандығы ізденушілеріне және осы пән бойынша дәріс беретін оқытушыларға арналған, сол сияқты экология мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандар мен қызметкерлер дайындау мен олардың кәсіби деңгейін көтеруде қолдануға болады.



Ағадилова Ж.М., Маханбетова Н.Ә. «Сәулет және дизайндағы материалдар мен композиция I, II» пәнінен 6В02171 – «Орта дизайны» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге арналған оқулық. – Алматы: «Alash Book», 2025. – 192 бет.
ISBN 978-601-383-177-0

Оқулық сәулет және дизайнға негізделген білімді кеңейтуге және шығармашылыққа бағытталған. Студенттер материалдардың құрылымдық және көркемдік сипаттамаларына қатысты түсінік алып, жобаларда үйлесімділік пен әсемдікті қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды меңгереді. Оқулық студенттерді құрылыс және әрлеу материалдарының, олардың негізінде жасалған өнеркәсіптік бұйымдардың негізгі түрлерімен таныстырады, сонымен қатар қазіргі заманғы материалдардың қоршаған орта композициясының эстетикасын жақсартудағы рөлі мен орнын ашып көрсетеді, сәулет және жобалау материалдарында ғылымның техникасы мен құралдарын дұрыс пайдалануға дайындайды.
Оқулық 6В02171 – «Орта дизайны» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге арналған



Shamshidenova F. History of Kazakhstan (Educational methodological manual for students). – Almaty, «Alash Book», 2025. – 350 p.
ISBN 978-601-383-314-9

The «History of Kazakhstan (Educational methodological manual for students)» complies with the program of History of Kazakhstan, approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and accepted as a standard for the state higher educational institutions.
This study aid is intended for students studying the discipline «History of Kazakhstan».



Куралов А. Философия. Лекциялар жинағы: Оқу құралы/ А. Куралов, Р. Сакова, Р. Куралов – Алматы: Alash Book, 2024 – 375 бет. ISBN 978-601-09-7757-0

Бұл оқу құралы студенттердің танымдық іс-әрекеттерін мақсатты түрде философия пәнінің бағдарламалық материалдарын толық меңгеруін қамтамасыз етеді. Әр лекцияда лекция тақырыбы, жоспары, мақсаты, мазмұны, лекция тақырыбына сәйкес бақылау сұрақтары, лекция мазмұнына сәйкес СӨЖ тақырыптары, қажетті әдебиеттер келтірілген.Лекциялар жинағы 15 лекцияны қамтитын 3-бөлімнен тұрады. 1,2-бөлімде философия тарихы, 3-бөлімде философияның теориялық негіздері бойынша лекция материалдары берілген. Лекциялар жинағы мына лекцияларды қамтиды: 1.Философия пәні, негізгі мәселесі, функциялары, құрылымы; 2.Ежелгі Шығыс философиясы; 3.Антикалық философия; 4.Классикалық философия; 5.Орта ғасырлық философия (I-бөлім); 6. Қайта өрлеу және жаңа заман философиясы; 7. XVIII-XIX ғасырлар философиясы; 8. Қазіргі заман философиясы; 9.Орыс философиясы; 10.Қазақ философиясы (II-бөлім); 11.Адам және сана проблемасы; 12.Дүниені философиялық тұрғыдан ұғыну; 13.Қоғам проблемасы; 14.Таным проблемасы; 15.Құндылықтар философиясы (III -бөлім).
Лекциялар жинағы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына және ғылыми ізденушілерге арналған.



Тукенова К.Т., Ахатаева К.Б. Мәдениеттану пәнінен дәрістер жинағы. Алматы К.Т. Тукенова, К.Б. Ахатаева. – Алматы, «Alash Book», 2024. – 158 б.
ISBN 978-601-06-9390-6

Мәдениеттану пәнінен дәрістер жинағы жоғары оқу орындарының гуманитарлық емес мамандықтарына арналған.
Дәрістер жинағы мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихынан бастап, бүгінгі жаһандық дәуірдегі өзекті мәселелер кезеңін қамтиды.
Әрбір дәріс студенттердің түсінуіне қолайлы, мазмұнды және әрбір тақырыптағы терминологиялық сөздердің ұғымдарына анықтама берілген.
Студенттердің өздігінен дайындалуына септігін тигізетін: өзіндік бақылау сұрақтары, жоба, реферат, баяндама тақырыптары, тест сұрақтары мен әдебиет тізімдері берілген.
Дәрістер жинағы студенттерге СОӨЖ, СӨЖ тапсырмаларын орындау барысында да білім-біліктерін сапалы меңгеруде де тиімділігімен ерекше болатыны анық.



Утилова А.М., Хамзина Ш.Ш., Шакенова Т.Ж., Байдалинова Б.А. Ғылыми-зерттеу қызметінің негіздері және академиялық жазу: оқу құралы / А.М. Утилова, Ш.Ш. Хамзина, Т. Ж. Шакенова, Б. А. Байдалинова – Алматы: «Alash Book», 2026. – 160 б.
ISBN 978-601-383-323-1

«Ғылыми-зерттеу қызметінің негіздері және академиялық жазу» оқу құралы білім алушыларды ғылыми зерттеуді жүргізудің негізгі кезеңдерімен, ғылыми ақпаратты жинау, жүйелеу, талдау әдістері мен тәсілдерімен таныстыруға арналған. Оның негізгі міндеті - зерттеудің әдістемелік ғылыми аппараты туралы түсінік беру, оны ғылыми-зерттеу қызметінде қолдануға үйрету. Оқу құралы «Білім беру» бейініндегі білім алушыларға, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын мектеп педагогтеріне, магистранттарға, докторанттарға арналған.



Ельжанов Д.Ш., Нәбіев Т. Р., Тұңғышбаев Д.Б. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері. Оқу құралы: – Алматы, «Alash Book», 2025. – 256 б. сур.
ISBN 978-601-08-2962-6

Осы оқу құралының мазмұны жалпы қауіптің барлық түрлерінің пайда болуының және олардың әскери бөлімдер мен бөлімшелердің оқу және қызметтік-жауынгерлік қызметінде техногендік шығу тегінің, атап айтқанда базалық негіздерін ашады.
Оқу құралының мазмұнының әдіснамалық негіздемесі курсантқа (тыңдаушыларға) қауіптердің туындауының себеп-салдарлық аппаратын білуге және одан әрі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да актілері мен әскери құрылымдарының бөлімшелерінде әскери қызметті ұйымдастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өзінің практикалық қызметінде қолдануға мүмкіндік береді.



Манбетова Ж.Д., Ержан А.А. «Ғылыми зерттеу әдістемесінің негіздері». 7М06204 – «Мультисервистік телекоммуникациялық технологиялар» және 7М06205 «Радиоэлектрондық технологиялар мен жүйелер» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын магистранттарға арналған оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2025. 240 б.
ISBN 978-601-383-220-3

Оқу құралында «Ғылыми зерттеу әдістемесінің негіздері» ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен ғылыми нәтижелерді талдау, зерттеу бағытын таңдау, ғылыми-техникалық проблеманы қою, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуді, жазу және рәсімдеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдеріне көп көңіл бөлінген. 7М06204 – «Мультисервистік телекоммуникациялық технологиялар», 7М06205 – «Радиоэлектрондық технологиялар мен жүйелер», білім беру бағдарламасының магистранттарына арналған. Сондай-ақ, өнертапқыштық шығармашылықтың негіздері, патенттік іздеу және ғылыми баяндамаларды, диссертациялық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды дайындау, жөніндегі түсініктерді қамтиды.



Бегім А.Б. Саяси мәдениет және идеологиялар / Оқу құралы. — Алматы, «Alash Book», 2025. – 144 бет.
ISBN 978-601-383-122-0

«Саяси мәдениет және идеологиялар» оқу құралы саясаттану саласындағы маңызды ұғымдар мен бағыттарды түсінуге бағытталған. Бұл құрал саяси мәдениет пен идеологиялардың қоғамдағы орны мен рөлін зерттеу арқылы саяси жүйелер мен олардың дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оқу құралы «6В03120-Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған. Саяси мәдениет және идеологиялар пәннің негізгі өзектілігімен бірінші дәріс сабағында хабардар бола аласыз. Саяси мәдениет және идеологиялар пәні туралы мәліметтерді алып қана қоймай, күнделікті саяси өмірде орын алып жатқан саяси оқиғалармен ұштастырып отыруыңыз қажет.
Оқу құралы 6В03120-Саясаттану білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған.



Сактапова Ж.К. «Таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу» (2024-2029 аралығында қолданылатын авторлық бағдарлама) Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. – Алматы, «Alash Book», 2025 – 96 б.
ISBN 978-601-383-229-6

Бұл авторлық бағдарлама білім алушыларға ғылыми мәтіннің негізгі түрлерін – тезис пен аннотацияны құрастыру, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен рәсімделу талаптарын меңгертуді мақсат етеді. Бағдарламада ғылыми стильдің тілдік нормалары, терминологиялық дәлдік, қысқа әрі нысаналы ойды жеткізу жолдары қарастырылады. Оқу үдерісінде студенттер ғылыми стильдің ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде қолданып, ғылыми еңбектерге талдау жасауды, тезис пен аннотация жазуды, олардың сапалық өлшемдерін сақтауды үйренеді.



Кошжанова Г.А., Мукажанова Э.Т. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. Оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2026. – 102 бет.
ISBN 978-601-383-393-4

Оқу әдістемелік құрал инклюзивті білім берудің ғылыми және теориялық даму тарихы қарастырылған. Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық-түзете қолдау көрсетудің жолдарына сипаттама берілген.


Оқу әдістемелік құралы инклюзивті білім беру жағдайында арнайы педагогтар мен логопедтердің жұмыс мазмұнына сипаттама берілген. Арнайы педагог пен логопед өз жұмыстары барысында балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың икемді және тиімді әдістерін қолданады.

Оқу әдістемелік құрал педагогикалық емес мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының мамандарына және педагогтердің біліктілігін көтеру институттарына, сонымен қатар студенттерге арналған.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы – Алматы: ««Alash Book» баспасы, 2024. – 62 б.

(01.05.2023. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)




Калыков А.Ш. «Материалтану I»: пәнінен В030 Бейнелеу өнері білім беру бағдарламасы тобының білім алушыларына арналған оқу құралы - Алматы: «Alash Book», 2025. – 111 бет.
ISBN 978-601-383-119-0

Бұл оқу құралы студенттер үшін де, болашақ суретшілерді оқытатын оқытушылар үшін де маңызды оқу және анықтамалық материал болып табылады. Ол кескіндемеде материалдарды сауатты пайдалану үшін қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. В030 Бейнелеу өнері білім алушыларына түспен және композициямен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын ғана емес, көркем материалдардың физикалық және химиялық қасиеттері туралы білімдерін де меңгеруі тиіс. Мұның бәрі В030 Бейнелеу өнері білім беру бағдарламасы тобы студенттеріне практикалық тапсырмаларды орындауға үйретуге арналған.
Оқу құралы «Материалтану I» пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (силлабус) мазмұндарының тақырыптарына сәйкес құрастырылған.




Бактыгалиева Н.Ж., Джумалиева К.К. Әйелдердің сырт киімін дайындау. Оқу құралы. Бактыгалиева Н.Ж., Джумалиева К.К. – Алматы, «Alash Book», 2025. - 378 бет.
ISBN 978-601-383-211-1

Оқу құралы «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша КМ 2 «Әр түрлі материалдардан бұйым тігу операцияларын машиналарда немесе қолмен орындау», кәсіптік модулін меңгеру кезінде пайдаланыла алады.
Оқу құралы кәсіптік оқу орындарының студенттеріне, педагогтерге және тігін ісі саласындағы мамандарға арналған.



Әбдікәрім С.О. Графикалық сурет I, II. оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2025 – 106 б.
ISBN 978-601-383-099-5

Қысқаша аннотация: Оқу құралы 6В02150 - Графика білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған. Бұл оқу құралы графикалық суреттің теориялық және практикалық негіздерін қарастырады. Университет оқытушылары үшін оқу құралы ретінде жасалған бұл еңбекте композиция, перспектива, жарық пен көлеңке, түрлі графикалық техника мен материалдарды қолдану жолдары жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, студенттердің білімі мен дағдыларын бағалаудың тиімді әдістері мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері ұсынылады.



Болысбаев Д.С. Ою-өрнек тарихы: оқулық. Болысбаев Д.С. – Алматы: «Alash Book», 2026. – 240 бет.
ISBN 978-601-383-370-5

Оқулық көне дәуірлерден, ежелгі дүние өнерінен бастау алған ою-өрнек әлемінің түрінің тарихы мен теориясы мәселелері қарастырылған. Ежелгі өнер шеберлері мен қолөнершілердің адам баласына қалдырған өте бай мәдени дәстүрлі мұраларын бір жүйеге келтіруге ат салысқан. Сонымен бірге, оқулық табиғат ерекшеліктерге, ою-өрнектің құрылымына қатысты маңызды тұжырымдаманың бағытына байланысты негізгі теориялық принциптерді сипаттайды. Ою-өрнекпен тікелей байланысқан ең көрнекті еуропалық және шығыс мәдениеттерінің мысалында әр мәдениеттің ішіндегі ою-өрнекті қалыптастырудың кезеңдері мен оның тарихи дамуының негізгі кезеңдері қарастырылады.
Оқулық өнер мамандықтарында білім алып жүрген болашақ мұражайтанушыларға, сәулетшілерге, суретшілерге арналған. Мұнан басқа, кітап кәсіби суретшілер, өнертанушылар, мұражай ісі және көркем-қолданбалы шығармашылыққа қызығушылар үшін аса құнды болып табылады.




Бекзат А.Б., Смайлова У.У. Костюм графикасының негіздері: Оқу құралы / А.Б. Бекзат, У.У. Смайлова – Алматы, Alash Book, 2024 – 112 б.
ISBN 978-601-365-021-0

Оқу құралында костюм үлгілерін салу бойынша қолданылатын графикалық әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау үлгілері берілген.
Костюм графикасының негіздері, композициялық орындау ерекшеліктері, материалдар, образды-ассоциативтік шешімдер, техникалық эскиз, шығармашылық эскиз, жұмыс эскиздерінің жасалу жолдары қарастырылған.
Оқу құралы ЖОО білім алушыларына, өнермен, киім дизайны және киім үлгілерін жобалау: «Дизайн (сән)», «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы мен құрастырылуы» Білім бағдарламаларының білім алушыларына арналған.



Нурашев Б.Ұ. «Сурет сабағында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту». Б.Ұ.Нурашев. – Алматы, «Alash Book», 2024. – 124 б.
ISBN 978-601-383-038-4

Әдістемелік нұсқаулықта сурет пәнін оқытуда студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Нұсқаулықтың ғылыми-теориялық материалы сурет салу әдістемесі бойынша «Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік» және «Дизайн» ПЦК студенттерін оқыту міндеттерімен байланыстырылған. Ұсынылып отырылған еңбек «Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік» және «Дизайн» ПЦК педагогтері мен аталмыш мамандықтар бойынша білім алатын студенттерге арналады.




Ибрагимова Л.Т. «Түстік графика» пәнінен 6В021710 – «Сән дизайны» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге арналған оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2025 – 108 б. ISBN 978-601-383-129-9

«Түстік графика» оқу құралы – түстерді теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеруге бағытталған кешенді материал. Бұл құрал көркемдік жобалау, сән дизайны, графикалық композиция және визуалды өнер салаларында білім алушыларға арналған. Мұнда түстің физикалық табиғатынан бастап, оның адамның эмоциялық қабылдауына, мәдени-символдық мәніне және киімдегі көркемдік шешімдерге дейінгі ауқымды мәселелер қарастырылады. Оқу құралы 6В021710 – «Сән дизайны» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге арналған. «Түстік графика» оқу құралы – түстерді теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеруге бағытталған кешенді материал. Бұл құрал көркемдік жобалау, сән дизайны, графикалық композиция және визуалды өнер салаларында білім алушыларға арналған. Мұнда түстің физикалық табиғатынан бастап, оның адамның эмоциялық қабылдауына, мәдени-символдық мәніне және киімдегі көркемдік шешімдерге дейінгі ауқымды мәселелер қарастырылады. Оқу құралында түстердің үйлесімділігі, контраст заңдылықтары, суық және жылы түстердің өзара әрекеті сияқты теориялық түсініктер нақты мысалдармен толықтырылған. Сонымен қатар, түс арқылы образ қалыптастыру, жобалық эскиздерде түстік шешім табу, маусымдық колориттер мен тұлғалық ерекшеліктерге сай түс таңдаудың жолдары жан-жақты қамтылған.
Оқу құралы 6В021710 – «Сән дизайны» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге арналған.



Қалыков А.Ш. Графикалық жобалау: оқу құралы / А.Ш. Қалыков. – Алматы: «Alash Book», 2024. – 119 б.
ISBN 978-601-09-6648-2

Оқу құралында «Графикалық жобалау» пәні бойынша костюмнің графикалық бейнесі туралы сұрақтар қарастырылған, костюмді эскиздеу процесінде пропедевтикалық дайындық ретінде сәндік натюрмортты талдаудан бастап парақтың композициясы, бейненің дамуына ықпал ететін әртүрлі графикалық әдістер ұсынылған, ойлау және шығармашылық өзін-өзі көрсету қарастырылған. Оқу құралында эскизді композициялық құру ережелері, графикалық парақты ұйымдастыру және орындау әдістері бар. Мұның бәрі 6В02170 «Сән дизайны» мамандығының студенттеріне практикалық тапсырмаларды орындауға үйретуге арналған.
Оқу құралы «Графикалық жобалау» пәннің оқу жұмыс жоспары мен оқу жұмыс бағдарламасының (силлабус) мазмұндарының тақырыптарына сәйкес құрастырылған.



Жайманова Л.А. «Тамақтану мәдениеті»: Оқу-әдістемелік құрал. Л.А. Жайманова – Алматы, «Alash Book», 2024 – 155 б.
ISBN 978-601-383-019-3

Болашақ мұғалімдерді дайындауда білім алушыларды тәрбие теориясы, әдістемесі мен технология саласынан кәсіби-педагогикалық білікті маман ретінде қалыптастыру жолдары берілген. Пән оқытушыларына әдістемелік көмек беру мақсатында жалпы тамақтану мәдениеті бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету жолдары, тәрбие, білім беру, оқыту, жеке тұлға, даму ұғымдарын меңгерту; тамақтану мәдениетін өткізу әдіс-тәсілдерімен таныстыру, тамақтану мәдениеті негізгі мақсат міндеттерін практикада, педагогикалық жағдаяттарда қолдануға үйрету; педагогикалық этикаға және өзбетіндік тағамдар дайындауға, жұмысқа үйрету, тамақтану мәдениеті оның тәрбиелік мәні де үлкен, бірге отырып тамақтану мәдениеті отбасы мүшелерін ынтымақтастырып, жақсы әдеттерді қалыптастырады, балаларға жақсы тәрбие береді. Оқушыларға ең бірінші байлық – денсаулық екендігін, денсаулық болса, бәрі де болатынын ұғындыру. Дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіру. Дастарқанның жалпы көрінісі, оның әсем жасалуы, тағамдарды бір-бірімен үйлестіріп, рет-ретімен берудің өзі тәрбие. Мектеп және білім саласы туралы мемлекеттік құжаттарды талдауға, жұмыс жасауға үйрету, түрлі тағамдар дайындауға кәсіби мамандықтың дағдыларын беру мүмкіндіктері қарастырылады.